3. Таңдаған мамандығының адам өміріндегі маңызы.

Қазіргі қоғамның, келер жастардың ауқымды мәселесі мамандық таңдау болып табылады. Кішкентай кезден баланың өзі қалағандай қалауы, арманы болуы мүмкін, ал кейбіреулері он бірінші сынып болған кезде ғана таңдай бастайды. Мамандықтың оңайы жоқ, барлығы қиын әрі қызықты. Жақсы бір маман иесі болу сенің көрмаған ортаңа, туып өскен жеріңе байланысты. Өсіп келе жатқан баланың мамандық таңдауына өз үлесімізді қосуымыз қажет. Қандай маман иесі болмасын таңдау жасағанда мұқияттылықты талап етеді. Және де қазіргі қоғамдағы заманға сай мамандық таңдау тиіс. Жан жақты зерттеп, ойланып, саралап барып қана таңдау жасау қажет.

Мамандық таңдау барысында әртүрлі жағдайлар жер етеді. Біріншіден, ата-анасы балаға таңдап беруі. Мысалы ретінде; дәрігер бол, мұғалім бол деп өзінің қалап тұрғанын баласына таңдатады. Бұндай жағдайда ата-анамен толық, ашық жарқын арақаса отырып талқылау керек. Ата-ананың етін біле отырып, оның айтқан сөздерін құрметтей біліп, өз қалауыңыздағы мамандықты таңдау қажет. Екіншіден, басқалар айтты екен деп


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

сол мамандықты таңдау. Басқа біреудің айтқан сөзімен жүрмеу себебі ертең сол біреулерге тәуелді болып қалу қаупі жоғары. Досыңызбен, сыныптасыңызбен, мұғаліміңізбен ақылдасыңыз бірақта кім болатыныңызды өзіңіз таңдаңыз. Себі ертең сол мамандықпен ақша табатын сіз-сіз. Қарапайым тілде жеген наныңыз, жұмысыңыз.

Үшіншіден, заманға сай аукымды мамандықты, болашағы бар, мамандықты таңдаңыз. Мысалы ретінде медицина, IT яғни ақпараттық технологиялар мамандығы қажетті болып табылады. Қазірде IT (ақпараттық технологиялар) мамандығына көп грант бөлінуде тағы да қосымша квоталар да қарастырылып отыр. Грантқа түсе алмасаңыз жілдік, нысаналы, Қазақстан қоғамдық қоры, серпін атты қосымша гранттарға құжат тапсырып көруге болады. Егер олда болмаса, ақылы оқуға түсіп сессия, бақылау жұмыстарын жақсы нәтижеге тапсырып грантқа ауысуға болады. Қазақстанда көптеген мүмкіндіктер мен жеңілдіктер баршылық. Соны ұтымды пайдаланып, грантқа түсуге әрекет жасау. ЖОО (жоғарғы оқу орны)-на түсу үшін ҰБТ-ға жақсылап, жүйелі түрде аз-аздан үздіксіз дайындалу. Оныншы сыныпты аяқтаған соң ҰБТ-ға өзіңіз таңдаған бейіндік пәніңізбен дайындалыңыз. Егерде дәрігер болам десеңіз бұл мамандыққа жауапты қарап, ойланып шешім қабылдаңыз дер



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

едім. Ақыры соңында таңдауды өзіңіз жасайсыз.
Мамандық адам өміріне әртүрлі әсер етеді. Таңдау барысында оның артықшылығын, кемшілігін қарастырыңыз. Және де мамандықты сүйіп таңдауыңыз тиіс. Сүйіспеншілікпен жасалған іс әрдайым берекесін береді. Соны ескеріңіз. Қазірден бастап қандай маман иесі болатыныңызды ойланыңыз. Өз(іңіз) армандаған маман болып, елге қызмет ету, оған өз үлестіңізді қосу өз қолыңызда. Өзіңіз таңдаған мамандық арқылы ертең күн көресіз түрлі адамдармен жұмыс жасайсыз. Болашағыңыз жарқын болуы өз қолыңызда екенін ұмытпайық!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Асқар Сүлейменовтің „Бесатар" повесінің тақырыбы мен идеясы.

„Бесатар" повесі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті көрсететін көлемді туындылардың бірі. „Бесатар" повесінің ең басты ерекшелігі – автордың ұлт-азаттық қозғалысты бір тәуліктің ішіне сыйғызғаны. Яғни, автор 7 шілде мен 8-ші шілде арасындағы оқиғаларды қағаз бетіне түсіріп жазған.

Бесатар – символ, яғни империалист патша үкіметінің қанды саясаты, озбырлығы деген мағына білдіріп тұр. Көтерілістің шығуына 1916 жылғы 25 маусымдағы 19-дан 43 жасқа дейінгі ер-азаматтарды қара жұмысқа салу үшін шақыру жөніндегі патша жарлығы түрткі болған. Сондай-ақ бұл көтеріліс жөнінде Жамбыл Жабаевтың „Зілді бұйрық" өлеңінде де кездеседі.

„Бесатар" повесінің басты кейіпкерлері: қазақтардың басын қосып, көтерілісті ұйымдастырушы – Тұрехан. Қалада білім алған, көкірегі ояу, Тұреханның ұлы – Сәруар. Орыс офицері Крейтель және оның досы – Иноземцев. Тұрехан көтеріліс кезінде Изонемцевті ұстап, тұтқындаған болатын. Бұл жағдайға ашуланған Крейтель кек алу мақсатында Тұреханды да қамауға алған. Повесть екі арнада өрбиді. Бірі – Крейтель мен Сәруар арасындағы диалог. Екіншісі – Мұқағали мен Изонемцев диалогі. Мұқағали – қазақтың батыры. Сәруар әкесін тұтқыннан босатып алу үшін



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ki 11-001

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

бәрін жасаған. Бірақ та, Крейгель оңайлықпен босатпаған. Себебі, Крейгель „Изотемцевті босатсаңдар, Төреханды да босатамын", - деп талап қойған. Повесттегі ең қорқытайын, жазалар кейіпкер - Голопожкин. Повесть осы Голопожкиннің сөзі мен іс-әрекетімен аяқталады. Яғни, Крейгель Голопожкинге Сәруарды атуға бұйрық берген. Ал Сәруарды атуға батылы бармаған Голопожкинге қарсы шығып, „Я не могу. Я живу на их земле", - деп жауап береді. Өзінің адамы өзіне қарсы шыққанда Крейгель ашуланып, Сәруарды өзі өлтіреді.

„Бесатар" повесінің негізгі идеясы - қазақ империядан қиыншылық көрген қазақ азаматтарының, қазақ жерлерінің тағдырын көрсету. Ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, жағдайын суреттеу. Қазақ халқының басына қатыгез қиындық туғанымен, Ресейдің озбыр саясаты халықты құлдыратқанымен біздің ер-азаматтарымыз еліміздің қамы үшін жан аямай күресті.

Қорытындылай келе, мен әр адам Асқар Сүлейменовтың „Бесатар" повесін оқуы қажет деп айтқым келеді. Себебі, бұл повестте 1916 жылдардағы тарихи оқиғалар қозғалған. Сонымен қатар, Ресей империясының саясатына қарсы шыққан батырларымыздың өшпес ерліктері суреттелген. Еліміз көрген әр қиын-қыстау кезді біз түсініп, қазіргі алған тәуелсіздігімізді бағалауымыз қажет.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Абайдың қарасөзіндегі „Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста" сөзінің мәні мен маңызы.

Абай - қазақ әдебиетінің қалаушы, қазақ даласына еңбегі сіңген қайраткер. Абай өз заманының данасы, көпті көрген әрі білімді тұлғаларының бірі болған. Абай Құнанбайұлы жастайынан анасы мен әжесінің тәрбиесін алып өскен бала. Сол себептенде бала кезінен ақындыққа қызыққан. Ал әкесі Құнанбай оны болыс болсын, ел басқарсын менің жолымды жалғастыратын тұлғам болсын деп армандаған еді. Алайда Абай өз жолын таңдап, елін басқарудан бас тартты. Соның салдарынан бүгінгі күнге дейін Абай болыс деп емес, ақын, жазушы және аудармашы деп күллі әлемге танылды. Бүгінгі таңда Абайды танымайтын қазақ және халық жоқ. Себебі, оның шығармалары бірнеше тілге аударылған.

Абайдың шығармалары. Оның әр туындысы терең оймен жазылған. Әр шығарманы оқи келе үлкен тәрбие алуға болады. Абай Құнанбайұлы тек бір бағытта өлең, шығарма жазбаған. Оның туындылары бірнеше тақырыпта қамтылған. Мысала, оқу, білім, махаббат, мезгіл, дос және т.б. Сондықтанда кез келген тақырыпта оқып, өзіңе сабақ ала аласың. Осымен қоса Абай бұл шығарманы жаза отырып болашақты болжаған. Қазіргі таңда оның барлық шығармалары оқылып, насихатталуда. Алайда осы шығармаларды кезінде оқитын адам табылмай, Абай қатты қиналған еді. Өйткені, Абайдың заманында білімділер аз болды. Сонымен Абай өмірінше күрескен еді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

KL10-001

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Абайдың шығармаларының ішінде тәрбиеге толы туындысы ол оның қара сөзі. Осы 45 қара сөзімен Абай басқа ақындардан ерекшеленеді. Абай қара сөзінде „Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста" деп жазған екен оның мағынасы қандай? Жалпы ол осы үш қасиет арқылы толық адамды сипаттаған. Яғни, адамда ақыл болмаса ол қайраты мен жүрегін орынсыз жұмсар еді. Ал қайраты болмаса бойындағы ақылын қолдана алмайтын еді. Себебі, өз ақылындағы біреуге дұрыс жеткізу үшін қайрат керек. Қайратың мен ақылың болу үшін жүрек қажет. Жүрек деп нені айтамыз? Жүрек те адамның парасаттылығы, мейірімділігі, адамгершілігі болады. Жүрегі жоқ адам таспен тең деп айтамыз ғой. Жүрегі тас адам деп те атаймыз. Егерде адам осы үш қасиетте бірге ұстаса толық адамға айналады. Себебі, бұл қасиет арқылы адам баласы жақсы өмір сүре алады. Бүгінгі таңда мұндай адамдар өте сирек кездеседі. Ақылы бар адамның жүрегі жоқ. Ол дегеніміз өзінің ақылын жауыздыққа, өтірікке, айлаға жұмсайды. Мысалы, XXI ғасырда парақорлар, алаяқтар өте көп. Кей жағдайда жүрегі де, ақылы да бар алайда қайраты жоқ адамдар болады. Олар өз білімін көрсетуге, өз пікірін айтуға сескенетін адамдар. Біздің қоғамда социофоб адамдар өте көп. Алдағы уақытта бұл адамдар қоғамға үлкен зиянын тигізеді. Яғни, білімділер бар болғанымен олар өзін ортада көрсете алмайды. Бұл да бір қоғам дертіне айналып бара жатыр.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КВ10-001

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Төмен сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, Абай өзінің шығармалары арқылы бізге үлкен өнеге қалдырған. Өз заманындағы қателікті біздей жастар қайталамаса екен дейді. Сол себептенде ілім-білім, тәрбие туралы өте көп ой қозғаған. Адамның хайуанаттан ерекшелігі де осы ақыл мен ой еді. Өкінішке орай, бұл заманда ақылсыз[дар] көбейіп, білімсіз[дер] білім басқаруда. Өзінің бойындағы жақсы қасиеттерді дұрыс бағытқа қолданып, өзін шыңдай өсіріп жүргендер қаншама. Осының барлығын алдын алу үшін Абай қаншама туындыда жазып қалдырған жоқпа?! Соның мән мағынасын астарын түсіне білсек. Тек сол кезде біз жақсы адам, жақсы ел боламыз. Адамның сырт келбеті оның қандай екенін көрсетпейді. (Ал) Ертеге ақылымен емес сезімімен сыйласалық деп бекер айтпаған. Сол себептенде осы үш қасиетті бойға ұстайық.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

KZ 9-001

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором



1) Егемендік қазақтың басына қонған бақ.

Ең алдымен егемендік деген сөзді естігенде есімізге тәуелсіздік ұғымы түседі. Ал тәуелсіздік дегеніміз қасиетті ұғым. Бұл елдің азаттығын, бақыттылығын анық көрсететін сөз. Тәуелсіздік біз оңайлықпен келген жоқ. Ал енді егемендік ұғымына тоқталсақ егемендік ол тәуелсіздік сөзінің синонимы болып келеді. Қазақ халқы егемендікті 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Содан бері қанша жыл өтті 32 жыл бірақ біз сол жылдары болған оқиғаны естен шығармаймыз. Бұл күнге жетіп отырғанымыз аға-апаларымыз, қандас бауырларымыздың арқасында. Оларға тағзым етеміз. Қазақ халқы үшін бұл ұлы жетістік. Неге біз егемендік қазақтың басына қонған бақ дейміз. Оның өзіндік дәлелдері бар, себептеріде жетерлік. Біріншіден қазақ халқы өзінен бастаңдық алды. Ешкімге тәуелді болмай, азаттықта өмір сүрді. Қазақстан деген ел бар деп әлемге танылды. Екіншіден шекарасын бекітілді. Ешқандай ел біздің жерге талосып, соғыс аша алмайтын еді. Қазақ халқы тыныштықта өмір сүрді. Өз еріктері өз қолдарында зауыт салам десе жер жетеді салады. Егін егем десе жер жартыл егін сала алады. Сонда біз егемендіктің арқасында осындай дәрежеге жеттік. Үшіншіден ата заңымыз қабылданды. ол өз ішімізде өзіміздің билігіміз жүруі. Басқа елдерден мықтырақ болуымыз, оларға еліктемеуіміз. Өзіміздің конституциямыз қабылданды. Бұлда қазақ халқы үшін үлкен бақыт. Қазақтың қамын ойлаған қазақтар, аға-апаларымыз қазақ басына, бүгіне қазақ келсін деген ұранымен сол күні алаңға шықты. Өздерінің басын, қамын ғана ойламай барша қазақ баласының қамын ойлады. Солай олар

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №2

жиқрағанда біз бұлай егемендік алып отырмаушы едік
Төртіншіден: Қазақстанда Қазақстан тарихы оқытыла
басталды. Өзіміздің ата-бабаларымыздың тарихын білдік.
Бесіншіден: тіліміз қайта қалпына еніп өз тілімізде
еркін сөйлеуге құқық алдық. Ойымызды қорытындылай келе
осындай шешімге келдім. Егемендік қазақтың басына қонған
ең үлкен, қасиетті бақ деп айтуға болады. Егемендік ар-
қасында біз көптеген жетістіктерге жеттік ол үшін ~~...~~
ең алдымен аға-апаларымызға осы күнге жеткізген
елбасымызға үлкен алғыс білдіреміз! „Тәуелсіздікті ұстап тұру қиын деген" елбасым-
ыздың атқарған еңбегі зор.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять